

«БЕКІТЕМІН»

«Шетпе гимназиясы» КММ-нің директоры

_____ Г. Нурмагамбетова

«__» _____ 2023 жыл

«КЕЛІСЕМІН»

Қамқоршылық кеңес төрайымы

_____ А. Мақашова

«__» _____ 2023 жыл



**МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ МАҢҒЫСТАУ
АУДАНЫ БОЙЫНША БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ «ШЕПТЕ ГИМНАЗИЯСЫ»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ
ДАМУ ТУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

Мазмұны:

1. Бағдарламаның паспорты.....	3
2. Ағымдағы ахуалды талдау.....	5
3. Мектеп пайымы.....	10
4. Мектеп миссиясы.....	11
5. Стратегиялық блок.....	12
6. Нысаналы индикаторлар.....	13
7. Күтілетін нәтижелер.....	17
8. Іс-шаралар жоспары.....	17

Бағдарлама паспорты

Бағдарламаның атауы	«Табысты мектепке ұмтылыс» 2023-2024, 2024-2025, 2025-2026, 2026-2027, 2027-2028 оқу жылдарға арналған мектептің стратегиялық даму бағдарламасы
Бағдарламаны әзірлеу үшін негіздеме	1. «Білім туралы» заң 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы 2. «Педагог мәртебесі туралы» Заңы 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI ҚРЗ 3. ҚР мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысы 4. Қазақстан Республикасының Конституциясы; 5. "Жайлы мектеп" білім беру саласындағы пилоттық ұлттық жобасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 30 қарашадағы № 963 қаулысы 6. Қазақстан Республикасының президенті Қ.К.Тоқаевтың 2019-жылғы 2 қыркүйектегі «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеу негізі» атты Қазақстан халқына жолдауы 7. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 8 тамыздың №382 бұйрығы 8. Маңғыстау ауданы бойынша білім бөлімінің «Шетпе гимназиясы» КММ жарғысы
Бағдарламаны әзірлеуші	Маңғыстау ауданы бойынша білім бөлімінің «Шетпе гимназиясы» КММ
Бағдарламаның мақсаттары мен міндеттері	Мақсаты: Мектептің сапалы білім беруіне, жоғары жетістікке жетуіне жағдай жасау арқылы функционалды сауатты және рухани құндылықтарды сіңірген тұлғаны қалыптастыра отырып, бәсекеге қабілетті оқушылар қатарын көбейту әрі нәтижелі білімге қол жеткізу, жағымды психологиялық орта қалыптасқан мектеп жұмысын дамыту, мектеп-оқушы-ата-ана ынтамақтастығын арттыру; Міндеттері: ❖ Қазақстан Республикасының «Білім туралы заңын» негізге ала отырып, білім беру стандартында көрсетілген міндетті базалы білімді әрбір оқушының меңгеруін қамтамасыз ету; ❖ Білім саласындағы халықаралық зерттеулерге (PISA, PIRLS, TIMSS, ICILS, ББЖМ) байланысты дайындық жұмысын жүйелеу; ❖ Қауіпсіз, кедергісіз білім беру ортасын қалыптастыру үшін инклюзивті білім беру жүйесін жетілдіру;

	❖ Инновациялық технологиялар арқылы оқушылардың танымдылық белсенділігі мен шығармашылық қабілеттерін дамытуға жағдай жасау; ❖ Әр оқушының білім деңгейін көтеруге, шығармашылық қабілеті мен мүмкіндігін жүзеге асыруға негізделген диагностика жүйесін жүзеге асыру; ❖ Мектеп пен ата-аналардың өзара ынтымақтастық байланысын күшейту; ❖ Білім сапасын зерделеу негізінде төмен сапа көрсетіп отырған сыныптарды, пәндерді анықтау, оқушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толтыру, оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалану арқылы мектептің білім сапасын арттыруға ықпал ету. ❖ –Ғылыми–практикалық және ізденіс және жобалық жұмысты жалғастыру, оқушылардың интеллектауалдық, логикалық ойлау дамуының жаңа формаларын құру және қолданысқа енгізу; ❖ –Дарынды оқушыларды педагогикалық–психологиялық сүйемелдеу, қолдау жұмыстарын жүргізу арқылы «Дарынды оқушының моделіне» сай тұлғаны қалыптастыру;
Бағдарламаны іске асыру мерзімдері мен кезеңдері	2023 жылдың қыркүйегінен – 2028 жылғы маусым аралығы
Қаржыландыру көздері	Қамқоршылық кеңесінің қолдауымен демеушілік тарту, бюджеттік бағдарлама

2. Бағдарламаның талдамалық және болжамдау негіздемесінің блогы:

2.1 Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының ағымдағы қызметінің жай-күйін, негізгі проблемаларды және олардың себептерін талдау

Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалауына арналған өлшемшарттар

1. Нақты деректердің ұлттық білім беру деректер базасына сәйкестігі, сондай-ақ білім беру мониторингі шеңберіндегі әкімшілік деректер нысандарына сәйкес контингент туралы өзекті деректер базалары бар білім беруді басқарудың ақпараттық жүйесінің болуы.

Талдау нәтижесі: «Ұлттық білім беру деректер қорында» мектеп сыныптары туралы дұрыс және толық мәлімет енгізілген, мектеп жағдайымен сәйкес келеді.

2. Білім беру ұйымдарының басшы кадрларының, педагогтерінің және ғылыми қызметкерлерінің атқаратын лауазымы бойынша және/немесе оқытылатын пәні бойынша үш жылда бір реттен сиретпей біліктілігін арттырғандығын растайтын сертификаттарының болуы.

Талдау нәтижесі: 31 педагог жұмыста, 5 педагог бала күтімінде. Педагогтердің біліктілігін арттыруын растайтын сертификаттары мен куәліктері бар, мерзімінде біліктілік арттыру курсымен қамтылған 26, қамтылмаған 10 мұғалім бар.

Педагогтердің біліктілік арттыру курсымен қамтылуы:

№	Пәні	Профбақылау кезіндегі мұғалім саны	Курспен қамтылуы	Жас мамандар	Соңғы 5 жылда курспен қамтылмаған маман саны
1	Бастауыш сынып	5	5	-	-
2	Қазақ тілі мен әдебиеті	3	1	-	2
3	Орыс тілі мен әдебиеті	2	2	1	-
4	Ағылшын тілі	2	1	1	1
5	Тарих	3	2	2	1
6	Логопед	-	-	-	-
7	Математика	2	1	-	1
8	Физика	2	1	2	1
9	Кәсіптік бағдар	1	-	1	1
10	Информатика	2	2	-	-
11	Биология	2	1	-	1

12	Химия	1	1	1	-
13	География	2	2	-	-
14	Көркем еңбек	1	1	-	-
15	Музыка	1	-	1	1
16	Дене шынықтыру	3	2	2	1
17	АӘД	1	1	-	-
18	Педагог-психолог	1	1	-	-
19	Әлеуметтік-педагог	1	1	-	-
20	Педагог-ұйымдастырушы	-	-	-	-
21	ТЖО	1	1	-	-
22	Дефектолог	-	-	-	-
	Барлығы	36	26	11	10

Біліктілік арттыру курстарынан өтпеген мұғалімдер:

Білім беру ұйымдарының басшы кадрларының атқаратын лауазымы бойынша және оқытылатын пәні бойынша бес жылда бір реттен сиретпей біліктілігін арттырғандығын растайтын сертификаттары бар.

к№/с	Тегі, аты, әкесінің аты	Лауазымы	Мамандығы	Біліктілігін арттырғандығы туралы мәлімет
1	Нурмагамбетова Гуларша Жалпакбаевна	Білім беру ұйымының директоры	Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі	«Білім берудегі менеджмент» курсы 2021ж. №а49d8316 ПШО; «Сабақты зерттеуді ұйымдастыру» 8 сағат (31.10-3.11.2022ж) №374a6f9e6 ПШО; «Мектепті басқарудағы инновациялық менеджмент» 430 сағат 16.06.2023ж. №026831 ПШО, Орал; «Тұрақты даму жағдайында білім сапасын басқару» 80сағат 29.09.2023ж №0703949 «ӨРЛЕУ»БАҰО»АҚ

2	Мұттахиқызы Гүлжан	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары	Бастауыш сынып мұғалімі	«Бастауыш сынып мұғалімдерінің пәндік құзыреттілігін дамыту» тренерлерді оқыту курсы 04.06.2021ж №138e0d209 ПШО; «Авторлық бағдарлама жазу жолдары: педагогикалық ұстанымы, талаптары» 16 сағат 04.11.2021ж №00060 CESD «Білім-ғылым даму орталығы» Алматы; «Сабақты зерттеуді ұйымдастыру» 8 сағат 04.11.2022ж. №374a3ab68 ПШО; «Мектептерге арналған «EDUS»(mektep.edu.kz) электрондық жүйесін басқару» 8 сағат 19.09.2023ж №MSL/2023/00138 «Mediana Services Limited» ЖШС
	Елеуова Акбала Алдонгаровна	Директордың бейін жөніндегі орынбасары	География пәні мұғалімі	«Жаратылыстану және география мұғалімдерінің пәндік құзыреттілігін дамыту» 12.07.2021ж ПШО; «Жаңартылған мазмұндағы мектеп географиясын оқытудағы ГАЖ (географиялық ақпараттық жүйелер) технологияларының қолданбалы негіздері» 72 сағат 29.10-13.11.2021ж 15.11.2021ж №00068 Абай атындағы ҚҰПУ "Білім беруді жаңғырту жағдайындағы көшбасшылық және менеджмент" 80 сағат 24.06.2022ж №0515152 «Өрлеу»БАҰО АҚ;
	Аманқосова Сандуғаш Есембетқызы	Директордың тәрбие жөніндегі орынбасары	Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі	Онлайн курс «Счастливая семья» 52сағ 19.09.2019№18465 Мин.образ. и науки РК ; «Білім алушылардың функционалды сауаттылығын арттыруға бағытталған педагогтердің кәсіби құзыреттілігін дамыту» 52 сағат 17.02.2022ж № 4316957«bilim land» ЖШС; «Ата-аналарға психологиялық-педагогикалық білім берудің ғылыми-әдістемелік негіздері» 80сағат 29.09.2023ж №0032105 Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты

3.Білім алушылар контингенті бойынша білім беру ұйымдары бұйрықтарының, сыныптар бөлінісінде білім беру ұйымдары білім алушыларының сандық құрамын растайтын білім алушыларды жазатын алфавиттік кітаптың болуы.

Талдау нәтижесі: Алфавиттік жазба кітабы білім беру ұйымының оқушылар қозғалысы бойынша толтырылған. Профилактикалық бақылау кезінде оқушылардың сандық құрамы алфавиттік кітаптағы жазбаларға сәйкес келеді. Профилактикалық бақылау кезінде білім алушылардың сандық құрамы -241 оқушы, ал алфавиттік кітапқа тіркелген білім алушылар саны –241. Оқушыларды қабылдау мектеп директорының бұйрықтары негізінде жүзеге асырылған. Алфавиттік кітаптың беттері нөмірленіп, бауланып, директордың қолы қойылып мөрі басылған.

«Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығы 21-қосымшасының талаптарына сәйкес жүргізілген.

4.Үлгілік оқу жоспарының инвариантты компонентінің орындалуын растайтын жұмыс оқу жоспарларының, сынып журналдарының (электрондық/қағаз), сабақ кестесінің болуы, сондай-ақ білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің жұмыс оқу жоспарларындағы, сабақ кестелеріндегі, факультативтік, үйірмелік, топтық және жеке сабақтардың ең жоғары көлеміне сәйкес келуі.

Талдау нәтижесі: «Шетпе гимназиясы» КММде 2023-2024 оқу жылдарында оқу жұмыс жоспарында, сабақ кестелерінде білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің көлемі факультативтік, үйірме, топ және жеке сабақтардың максималды көлемімен сәйкес келетіндігі анықталды. Білім беру ұйымы сабақ кестесін жасақтауда, факультативтік, үйірме сағаттарын, топ және жеке сабақтарын бөлу барысында «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2023 жылғы 18 тамыздағы №264 бұйрығын Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығын, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығын, «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығын басшылыққа алған. Үлгілік оқу жоспарының инварианттық компонентінің орындалуын растайтын оқу жұмыс жоспарлары жасақталған, мектептегі сабақтар кестесі білім беру ұйымының басшысы тарапынан бекітілген.

Сабақ кестесінде оқу сабақтарының күнделікті саны, ұзақтығы және реті көрсетілген. Сынып журналдары Маңғыстау облысы мектептерінің білім беру электронды жүйесі «EDUS Электронды мектеп» платформасы арқылы толтырылған.

«Жалпы білім беру ұйымдарының (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру) түрлері бойынша қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2013 жылғы 17 қыркүйектегі № 375 бұйрығына 1-қосымша 2-тарау 13,15-тармақтары талаптарына сәйкес.

5.Сынып журналдарында (электрондық/қағаз) ағымдағы бағалардың немесе ағымдағы бағалаудың балмен, 2-11 сынып білім алушыларында тоқсандық және жылдық бағалардың болуы, сондай-ақ белгілі бір оқу кезеңі (тоқсан, оқу жылы) аяқталғаннан кейін өткізілетін жиынтық бағалауды жүргізу қорытындылары бойынша жиынтық бағалауды және талдауды, оқу бағдарламасына сәйкес бөлімдерді/өтпелі тақырыптарды зерделеуді растайтын материалдардың болуы.

Талдау нәтижесі: «Шетпе гимназиясы» КММ «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығы басшылыққа алынып, 2023-2024 оқу жылында білім алушылардың оқу жетістігін бағалау формативтік және жиынтық бағалау нысандарында жүзеге асырылған. 2-11 сынып білім алушыларының оқу жетістіктерін бағалау бір балдан 10

балға дейінгі шекте жүзеге асырылған. Аптасына 1 сағат оқу жүктемесі бар пәндерден БЖБ тоқсанына бір рет жүргізіліп, қорытынды баға жартыжылдыққа қойылған. Сынып журналдары Маңғыстау облысы мектептерінің білім беру электронды жүйесі «EDUS Электронды мектеп» платформасы арқылы толтырылған. Тоқсан және жарты жыл соңында "Көркем еңбек", "Дене шынықтыру", "Графика және жобалау", "Алғашқы әскери және технологиялық даярлық", бастауыш сыныпқа арналған "Ақпараттық-коммуникативтік технология" пәндері бойынша "есептелінді" деген белгі жазылған. Білім алушылардың жиынтық бағалау нәтижелері балл түрінде электрондық журналға қойылған. «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығына 8-қосымшасына сәйкес 2-11 сыныптардың барлық пәндер бойынша жиынтық бағалау жүргізу қорытындылары бойынша талдау жүргізілген.

6.Денсаулық жағдайына байланысты ұзақ уақыт бойы білім беру ұйымына бара алмайтын білім алушыларды үйде немесе емдеу ұйымдарында жеке тегін оқытуды ұйымдастыру туралы, сондай-ақ рұқсаттар негізінде экстернат және қашықтықтан оқыту нысанында оқытуға бұйрықтардың болуы.

Талдау нәтижесі: 2023 жылғы 02 қазан күнгі №68-Н/Қ бұйрығына сәйкес денсаулық жағдайы байланысты дәрігерлік-кеңес комиссиясының қорытындысы негізінде 2-сынып оқушысы Мәлік Әлинұр Айберікұлы үйден оқиды. Диагноз: «М91.1». Үйден оқуды ұйымдастыру туралы мектеп директорының бұйрығы шыққан. Оқу жоспары қазақ тілінде жүргізілетін үйде оқитын білім алушыларға арналған бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспары «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» ҚР ОАМ 2023 жылғы 18 тамыздағы №264 бұйрығының 53-қосымшаларына сәйкес жасақталған.

8.Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау тәртібін сақтау.

Талдау нәтижесі: «Шетпе гимназиясы» КММ 2023-2024 оқу жылының басында 1 оқушы қабылданып, 1 оқушы мектеп есебінен шығарылған. Білім алушыларды оқуға қабылдау, оқушы құрамынан шығару білім беру ұйымы басшысының бұйрығы негізінде жүргізілген, әрбір мектеп есебінен шыққан білім алушыға басқа білім беру ұйымына келуі туралы есептен шығару талондары бар.

2023-2024 оқу жылында 1 сыныпқа 23 оқушы қабылданған, оның ішінде оқу деңгейіне қарамастан білім беру ұйымының қызмет көрсету аумағында тұратын барлық алты жастағы балалардың және ағымдағы күнтізбелік жылы алты жасқа толатын оқушылар ата-анасы немесе заңды өкілдерінің өтініші негізінде, мектеп директорының бұйрығымен қабылданған. Құжаттарды қабылдау "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы және қағаз жүзінде қабылдау негізінде жүзеге асырылған.

2023-2024 оқу жылында 5-9 сыныптардан 1 оқушы ауысып, 1 оқушы «Шетпе гимназиясы» КММ -нің 9- сыныбына қабылданған, «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 564 бұйрығының 2-бөлім 11-тармағында көрсетілген «Білім алушыларды бастауыш және негізгі орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының екінші, үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы, жетінші, сегізінші, тоғызыншы сыныптарына қабылдау білім беру ұйымының қызмет көрсету аумағында тұратын білім алушылардың қолжетімділігін қамтамасыз ете отырып жүзеге асырылады» талабы ескерілген.

«Шетпе гимназиясы» КММ-нің 10, 11-сыныптарына білім алушыларды қабылдау білім беру ұйымының қызмет көрсету аумағында тұратын білім алушылардың қолжетімділігін қамтамасыз ете отырып және білім алушының жеке өтінішінің не олардың ата-аналарының немесе

өзге де заңды өкілдерінің өтінішінің және негізгі орта білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжатының негізінде жүзеге асырылған. Өтініштерді қабылдау негізгі орта білім туралы, мемлекеттік үлгідегі құжатты бергеннен кейін басталған. 2023-2024 оқу жылында математикалық-жаратылыстану бағыттағы 10-сыныпқа 22 оқушы 11-сыныпқа 17 оқушы қабылданған.

9.Білім беру ұйымының жарғысында айқындалған функцияларды орындау:

- 1) іске асырылатын білім беру бағдарламаларының тізбесі;
- 2) білім беру ұйымына қабылдау тәртібі;
- 3) білім беру процесін ұйымдастыру тәртібі (оның ішінде оқыту тілі (тілдері), білім алушылардың сабақ режимі);
- 4) білім алушылардың білімін ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау жүйесі, оларды өткізу нысандары мен тәртібі;
- 5) білім алушыларды оқудан шығарудың негіздері мен тәртібі;
- 6) ақылы қызметті көрсетудің тізбесі мен тәртібі;
- 7) білім беру ұйымының білім алушылармен және (немесе) олардың ата-аналарымен және өзге де заңды өкілдерімен қарым-қатынастарын ресімдеу тәртібі.

Талдау нәтижесі: «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2018 жылғы 12 қазандағы №564 бұйрығының 5-тармағы бойынша «Білім беру ұйымдарына білім алушыларды қабылдау кезінде білім беру ұйымдарының басшылары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 93 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 529/1 болып тіркелген) бекітілген білім беру қызметтерін көрсетудің үлгілік шартына сәйкес білім беру қызметтерін көрсету үшін балалардың немесе білім алушылардың ата-аналарымен немесе өзге де заңды өкілдерімен шарт жасайды» қағидасы басшылыққа алынған, шарт талапқа сай жасакталған.

10.Педагогтердің оқытылатын пәннің бейініне сәйкес білім туралы құжатта көрсетілген мамандығы бойынша біліктілік санатының деңгейін арттыру (растау) бес жылда бір реттен, сондай-ақ мемлекеттік білім беру ұйымдары басшыларының үш жылда бір реттен сиретпей арттырудан (растаудан) өтуін беру (растау) туралы куәліктердің, бұйрықтардың, куәліктерді тіркеу және беру журналдарының болуы.

Талдау нәтижесі: Мектепте барлығы 36 мұғалім, олардың 5-і бала күтіміне байланысты демалыста. Педагогикалық білімі бар педагогикалық кадрлармен қамтамасыз етілгендігін растайтын педагогикалық қызметкерлердің тарифтеу тізімдері және дипломдары мен қосымшаларының көшірмелері бар.

11.Білім беру ұйымымен бекітілген алқалық органдардың (педагогикалық, әдістемелік кеңестердің және педагогикалық әдеп бойынша кеңестің) қызметін растайтын жұмыс жоспарлары мен отырыстары хаттамаларының болуы және сәйкестігі.

Талдау нәтижесі: 2023-2024 оқу жылының алғашқы педагогикалық кеңесінде оқу жылына арналған оқу-тәрбие жұмысының жоспары бекітілген. 2023-2024 оқу жылына 6 педагогикалық кеңес жоспарланған, осы мерзімге дейін оның 2-і өткен. Педагогикалық кеңестің хаттамалары жазылған және қаралған мәселелердің материалдары жинақталған. Мектепте 2023-2024 оқу жылында 5 әдістемелік кеңес жоспарланған, алғашқы әдістемелік кеңес отырысында оқу жылына арналған жұмыс жоспары бекітілген, осы мерзімге дейін оның 2-і өткен. Әдістемелік кеңестің хаттамалары жазылған, материалдары бар. Педагогикалық әдеп бойынша кеңестің құрамын бекіту туралы бұйрығы 15.09.2023 жылы №57/1-нқ бұйрығы шығарылған, 2023-2024 оқу жылына арналған педагогикалық әдеп кеңесінің жұмыс жоспары жасакталып, бекітілген.

12.Тиісті бейін бойынша жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі педагогикалық немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі педагогикалық білім туралы немесе тиісті бейін бойынша өзге де кәсіптік білім туралы құжаттардың және (немесе) жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының базасында педагогикалық қайта даярлаудан өту сертификаттарының көшірмелерінің болуы.
Талдау нәтижесі: Мектепте барлығы 36 мұғалім, олардың 5-еуі бала күтіміне байланысты демалыста. Педагогикалық білімі бар педагогикалық кадрлармен қамтамасыз етілгендігін растайтын педагогикалық қызметкерлердің тарифтеу тізімдері және дипломдары мен қосымшаларының көшірмелері бар.

13.Білім беру ұйымдарында педагогтің кәсіби қызметіне:

- 1) соттың заңды күшіне енген үкіміне сәйкес педагогтің кәсіби қызметін жүзеге асыру құқығынан айырылған;
- 2) іс-әрекетке қабілетсіз немесе әрекетке қабілеті шектеулі деп танылған, соның нәтижесінде қызметкердің еңбек қатынастарын жалғастыру мүмкіндігі жоқ;
- 3) психиатриялық және (немесе) наркологиялық жазбалардан тұратын медициналық қарсы көрсетілімдері бар;
- 4) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы құжаттары жоқ;
- 5) адам өлтіргені, денсаулыққа қасақана зиян келтіргені, адамдардың денсаулығына және имандылыққа, жыныстық қолсұғылмаушылыққа қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін, экстремистік немесе террористік қылмыстар, адам саудасы үшін сотталғандығы бар немесе болған, қылмыстық қудалауда жүрген немесе қудалауда болған адамдарды жұмысқа орналастыруға жол бермеу.

Талдау нәтижесі: Мектепте соттың заңды күшіне енген үкіміне сәйкес педагогтің кәсіби қызметін жүзеге асыру құқығынан айырылған; іс-әрекетке қабілетсіз немесе әрекетке қабілеті шектеулі деп танылған, соның нәтижесінде қызметкердің еңбек қатынастарын жалғастыру мүмкіндігі жоқ; психиатриялық және (немесе) наркологиялық жазбалардан тұратын медициналық қарсы көрсетілімдері бар; техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы құжаттары жоқ; адам өлтіргені, денсаулыққа қасақана зиян келтіргені, адамдардың денсаулығына және имандылыққа, жыныстық қолсұғылмаушылыққа қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін, экстремистік немесе террористік қылмыстар, адам саудасы үшін сотталғандығы бар немесе болған, қылмыстық қудалауда жүрген немесе қудалауда болған адамдарды жұмысқа орналастыруға жол берілмеген

14.Қорытынды аттестаттаудан өткен азаматтарға мемлекеттік үлгідегі білім туралы құжаттардың берілуінің объективтілігін растайтын педагогикалық кеңес хаттамаларының, негізгі орта білім туралы және жалпы орта білім туралы аттестаттарды беру және есепке алу кітабындағы жазбалардың болуы.

Талдау нәтижесі: «2022-2023 оқу жылын аяқтау және орта білім беру ұйымдарының білім алушыларын қорытынды аттестаттаудан өткізу туралы»

ҚР БҒМ 2023 жылғы 10 сәуірдегі №88 бұйрығының 2-тармағына сәйкес қорытынды аттестаттауды 9 және 11 сыныптардың білім алушылары аттестатты емтихан бағалары негізінде берілді. Мектеп бітірушілерге мемлекеттік үлгідегі білім туралы құжаттардың берілуінің объективтілігін растайтын педагогикалық кеңестің хаттамасында, негізгі орта білім туралы куәлікті және жалпы орта білім туралы аттестатты беру және есепке алу кітабында жазбалар бар.

2022-2023 оқу жылында негізгі мектеп бітіргені туралы аттестат барлығы мектептің 21 оқушысына, 2 оқушыға негізгі орта білім туралы үздік аттестат берілген. Аттестат номерлері НОБ №1633101-1633122 негізгі орта білім туралы үздік аттестат НОБ № 0150958; №0150951, бұл туралы мәселе 01.06.2023 жылғы № 5 педагогикалық кеңесте қаралған. Негізгі мектеп бітіру туралы куәліктерді есепке алу және олардың берілуін тіркеу кітабында тиісті жазбалары бар, талапқа сай жүргізілген.

2022-2023 оқу жылында жалпы орта білім туралы аттестат 11-сыныптың 11 оқушысына жалпы орта білім туралы аттестат, 1 оқушыға үздік аттестат, 2 оқушыға жалпы орта білім туралы «Алтын белгі» аттестаты берілген. Жалпы орта білім туралы аттестат нөмірлері ЖОБ №2047901-2047911, аралығында үздік аттестат ЖОБ №0072432; «Алтын белгі» аттестат нөмірлері ЖОБ №0076852; №0076853. Бұл туралы мәселе 19.06.2023 жылғы № 7 педагогикалық кеңестің күн тәртібінде қаралған. Орта білім туралы аттестаттарды беру және есепке алу кітабында тиісті жазбалары бар, талапқа сай жүргізілген.

«Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығына 30, 31 қосымшалары, «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы 2-қосымшасының 17-тармағы, «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, орта білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңес қызметін ұйымдастырудың және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2008 жылғы 16 мамырдағы N 272 бұйрығы 1- тарау 3-тармақ 5-тармақшасының талаптары сақталған.

15. Негізгі орта және жалпы орта білім берудің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу тәртібінің сәйкестігі.

Талдау нәтижесі: «2022-2023 оқу жылын аяқтау және орта білім беру ұйымдарының білім алушыларын қорытынды аттестаттаудан өткізу туралы»

ҚР БҒМ 2023 жылғы 10 сәуірдегі №88 бұйрығының 2-тармағына сәйкес 9 және 11 сыныптардың білім алушылары қорытынды аттестаттауды тапсырған.

16. Ұйым басшысы бұйрығының және тәлімгерлікті ұйымдастыру жөніндегі қызметті растайтын құжаттардың болуы.

Талдау нәтижесі: 2023-2024 оқу жылында кәсіптік қызметке алғаш рет кіріскен 2 педагогке жас маман Мұратбаева Мадина Алтынбекқызы -тәлімгер Шоланова Гүлзина педагог-зерттеуші; жас маман Жолдасқызы Жанерке - тәлімгер Куанова Перизат Айтжановна педагог-зерттеуші; Мектепте басшысының №52-н\қ 31.08.2023ж. бұйрығымен бекітілген. Тәлімгерлікті ұйымдастыру жөніндегі қызметті растайтын құжаттары жинақталған. Жас мамандардың дайындық деңгейін және жеке қажеттіліктерін анықтау бойынша диагностика жүргізілген, сондай-ақ диагностиканың нәтижелерін ескере отырып, бір оқу жылы кезеңіне арналған тәлімгерлік жоспары әзірленіп, ол басшының оқу ісі жөніндегі орынбасарымен келісілген және орта білім беру ұйымының басшысымен бекітілген. Тәлімгерлердің жас мамандардың кері байланыс арқылы сабақтарына қатысу парақтары бар, педагогпен кәсіби әңгімелесу хаттамалары, 1- жартыжылдық бойынша аралық есептері жинақталған.

19. Жұмыс оқу жоспарының пәндеріне сәйкес тиісті бейіні бойынша педагогикалық білімі бар немесе педагогикалық қайта даярлаудан өткен кәсіптік білімі бар педагогтердің болуы. Жоғары және бірінші санаттағы педагогтердің, педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, педагог-шеберлердің үлесі, олар үшін лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын педагогтерінің жалпы санынан:

1) бастауыш білім беру деңгейінде шағын жинақты мектептер үшін 20%-дан кем емес; жалпы білім беретін мектептер, мектеп-гимназиялар, мектеп-лицейлер үшін 25% - дан кем емес; гимназиялар үшін 30% - дан кем емес %;

2) негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейінде шағын комплектілі мектептер үшін кемінде 25 %; жалпы білім беретін мектептер, мектеп-гимназиялар, мектеп-лицейлер үшін кемінде 35 %; лицей үшін 40 %-дан кем емес, оның ішінде жаратылыстану-математикалық бағыттағы педагогтердің үлесі 30 %-дан кем емес; гимназиялар үшін кемінде 40 %, оның ішінде қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы педагогтердің үлесі кемінде 30 %; дарынды тұлғаларға арналған мамандандырылған білім беру ұйымдары үшін кемінде 45 %, оның ішінде аудандық және/немесе облыстық конкурстар мен жарыстар кезеңдерінің жеңімпаздарын және/немесе білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен соңғы бес жылдағы республикалық конкурстар мен жарыстардың қатысушылары мен жеңімпаздарын дайындаған педагогтер (болған жағдайда).

Талдау нәтижесі: Бастауыш сынып бойынша негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын жоғары және бірінші санаттағы мұғалімдердің үлесі олардың жалпы санының **40%-ын** құрайды.

№	Мұғалім саны	Білімі бойынша			Санаттары бойынша							
		Жоғары	Арнаулы орта	Аяқталмаған жоғары	Жоғары санатты	Педагог-шебер	Педагог-зерттеуші	I санатты	Педагог-сарапшы	II санатты	Педагог-модератор	Санатсыз
1	10	10			-	2	1	-	1	-	2	4

Негізгі орта білім беру бойынша негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын жоғары және бірінші санаттағы мұғалімдердің үлесі олардың жалпы санының **46,6 %-ын** құрайды:

№	Мұғалім саны	Білімі бойынша			Санаттары бойынша							
		Жоғары	Арнаулы орта	Аяқталмаған жоғары	Жоғары санатты	Педагог-шебер	Педагог-зерттеуші	I санатты	Педагог-сарапшы	II санатты	Педагог-модератор	Санатсыз
1	15	14	1		-	-	5	-	2	-	3	5

Жалпы орта білім беру үшін: негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын жоғары және бірінші санаттағы мұғалімдердің үлесі олардың жалпы санының **54,5 % -ын** құрайды:

№	Мұғалім саны	Білімі бойынша	Санаттары бойынша
---	--------------	----------------	-------------------

		Жоғары	Арнаулы орта	Жоғары санатты	Педагог- шебер	Педагог- зерттеуші	I санатты	Педагог- сарапшы	II санатты	Педагог- модератор	Санатсыз
1	11	11	-	-	1	3	-	2	-	3	2

20. Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органның айқындаған санитариялық-эпидемиологиялық қорытындысы немесе білім алушыларды тамақпен қамтамасыз етуге арналған шарт негізінде білім алушыларға ғимараттарда (оқу корпустарында) арналған тамақтандыру объектісінің болуы.

Талдау нәтижесі: Мектеп асханасы 48 орындық. Жеке кәсіпкер «Абдулаева Түймеш Базарқызы» оқушыларды ыстық тамақпен қамтамасыз ету қызметін көрсетеді. Жеке кәсіпкер мен Мектеп арасында 2023 жылы 01 қаңтарда 1-4 сынып оқушыларын ыстық тамақпен қамтамасыз ету туралы №01, №01/1 шарт және аз қамтылған отбасылардан шыққан аса мұқтаж оқушыларды ыстық тамақпен қамтамасыз ету туралы №2 шарт жасалған. 1-4 сыныптың 93 оқушысы, аз қамтылған отбасылардан шыққан аса мұқтаж 5 оқушы ыстық тамақ ішеді.

21. Оқу пәндік кабинеттерімен, зертханалармен (шағын жинақты мектептер үшін физика, химия, биология пәндері бойынша оқу-зертханалық жабдықтармен), спорт залдарымен жарақтандырылуы; edu.kz аймағында үшінші деңгейдегі домендік атаудың болуы; жабдықтар мен жиһаздардың болуы; жеке пайдалануға арналған жабдықталған шкафтардың болуы; ауыз су бұрқақтарының болуы және ғимаратта халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті орган бекіткен санитариялық қағидаларға сәйкес келетін санитариялық тораптардың (унитаздардың, қол жуатын раковиналардың) болуы; мемлекеттік білім беру ұйымдары үшін білім беру ұйымының үй-жайларында және (немесе) іргелес аумақтарында бейнебақылаудың болуы.

Талдау нәтижесі: Мектеп «Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы» ҚР БҒМ 2022 жылғы 24 қарашадағы № 473 бұйрығымен бекітілген бастауыш білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметі үшін білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес компьютерлік сыныптармен жабдықталған.

Интернет 60 Мб/с жылдамдықпен қосылған. Интернет желісін мектепте барлық компьютерлерге бірдей деңгейде жеткізу үшін жергілікті желімен қамтылған. Жергілікті желі 6 нүкте арқылы таралған.

«Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы» ҚР ОАМ 2022 жылғы 24 қарашадағы № 473 бұйрығына сәйкес білім беру қызметін жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы резиденттерінің ұйымдары үшін shetregimnaziya.gb1.kz сайт бар.

Мектеп 6 сыртқы, 25 ішкі бейнебақылаумен қамтамасыз етілген.

1 сынып оқушыларына жеке пайдалануға арналған жабдықталған шкафтар бар.

Мектепте 10 оқу кабинеті мен 3 зертхана бар. Мектепте оқу кабинеттері тиісті көрнекілік құралдар мен жиһаздармен жабдықталған. Оқу кабинеттерінде интерактивті тақта 3 интерактивті тақта 5 проектор, 10 телевизор, Мектепте 47 компьютер, 40 ноутбук, 56 роутер бар 5 моноблок, 2 дербес компьютер бар.

№	Кабинеттер	Саны	Компьютер саны
1	Бастауыш сынып	4	0
2	Физика	1	13
3	Химия	1	13
4	Биология	1	0
5	Информатика	1	13
6	АӘД	0	0
7	Зертханалар	3	0
8	Технология кабинеті (ұлдар)	1	0
9	Технология кабинеті (қыздар)	1	0
10	Бухгалтерия	1	1
	Басқа оқу кабинеті	14	40

р/с №	Бағалау өлшемшарттары	Өлшеуіштер	Балдары
1	Тиісті бейіні бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжаты бар педагогтердің үлесі	100 %	5
		95 - 99 %	4
		80 - 94 %	3
		80 %-дан төмен	2
2	Біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттырған/растаған педагогтердің (оның ішінде басшылардың үш жылда бір реттен сиретпей) үлесі	100 %	5
		95 - 99 %	4
		80 - 94 %	3
		80 %-дан төмен	2
3	Үш жылда бір реттен сиретпей (оның ішінде басшы, басшы орынбасарларының) біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтердің үлесі	100 %	5
		95 - 99 %	4
		80 - 94 %	3
		80 %-дан төмен	2
4		Толық жинақталған білім беру ұйымдары үшін:	5

	Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 473 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 30721 тіркелген) сәйкес негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын жоғары және бірінші санатты педагогтердің, педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, педагог-шеберлердің бастауыш білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан үлесі	жалпы білім беретін мектептер, мектеп-гимназиялар, мектеп-лицейлер 45 %-дан гимназиялар - 50 % -дан жоғары; <i>Шағын жинақталған білім беру ұйымдары үшін:</i> жалпы білім беретін мектептер - 30 %-дан жоғары	
		<i>Толық жинақталған білім беру ұйымдары үшін:</i> жалпы білім беретін мектептер, мектеп-гимназиялар, мектеп-лицейлер 35%-дан 44 % аралығында, гимназиялар –40%- дан 49% аралығында; <i>Шағын жинақталған білім беру ұйымдары үшін:</i> жалпы білім беретін мектептер – 25%-дан 29% аралығында	4
		<i>Толық жинақталған білім беру ұйымдары үшін:</i> жалпы білім беретін мектептер, мектеп-гимназиялар, мектеп-лицейлер 25%-дан 34 % аралығында, гимназиялар –30%-дан 39% аралығында; <i>Шағын жинақталған білім беру ұйымдары үшін:</i> жалпы білім беретін мектептер – 20%-дан 24% аралығында	3
		<i>Толық жинақталған білім беру ұйымдары үшін:</i> жалпы білім беретін мектептер, мектеп-гимназиялар, мектеп-лицейлер 25 % -дан төмен, гимназиялар –30% -дан төмен; <i>Шағын жинақталған білім беру ұйымдары үшін:</i> жалпы білім беретін мектептер – 20%-дан төмен	2
5	Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 473 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 30721 тіркелген) сәйкес негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын жоғары және бірінші санатты педагогтердің, педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, педагог-шеберлердің негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан үлесі	<i>Толық жинақталған білім беру ұйымдары үшін:</i> жалпы білім беретін мектептер, мектеп-гимназиялар, мектеп-лицейлер - 55 %-дан жоғары, лицейлер - 60 %-дан жоғары, оның ішінде жаратылыстану-математикалық бағыттағы педагогтердің үлесі 50%-дан жоғары, гимназиялар үшін 60 %-дан жоғары, оның ішінде қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы педагогтердің үлесі 50%-дан жоғары, дарынды балаларға арналған мамандандырылған білім беру ұйымдары үшін 65 %-дан жоғары, оның ішінде аудандық және/немесе облыстық конкурстар мен жарыстар кезеңдерінің жеңімпаздарын және/немесе білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен соңғы бес жылдағы республикалық конкурстар мен жарыстардың қатысушылары мен жеңімпаздарын дайындаған педагогтер (болған жағдайда); <i>Шағын жинақталған білім беру ұйымдары үшін:</i>	5

		жалпы білім беретін мектептер 35 %-дан жоғары	
		<i>Толық жинақталған білім беру ұйымдары үшін:</i> жалпы білім беретін мектептер, мектеп-гимназиялар, мектеп-лицейлер -45% - дан 54 % аралығында, лицейлер - 50%-дан 59 % аралығында, оның ішінде жаратылыстану- математикалық бағыттағы педагогтердің үлесі 40%-дан 49% аралығында, гимназиялар үшін 50%-дан 59 % аралығында, оның ішінде қоғамдық- гуманитарлық бағыттағы педагогтердің үлесі 40%-дан 49% аралығында, дарынды балаларға арналған мамандандырылған білім беру ұйымдары үшін 55%-дан 64% аралығында, оның ішінде аудандық және/немесе облыстық конкурстар мен жарыстар кезеңдерінің жеңімпаздарын және/немесе білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен соңғы бес жылдағы республикалық конкурстар мен жарыстардың қатысушылары мен жеңімпаздарын дайындаған педагогтер (болған жағдайда); <i>Шағын жинақталған білім беру ұйымдары үшін:</i> жалпы білім беретін мектептер 30%-дан 34 % аралығында	4
		<i>Толық жинақталған білім беру ұйымдары үшін:</i> жалпы білім беретін мектептер, мектеп-гимназиялар, мектеп-лицейлер -35%-дан 44 % аралығында, лицейлер - 40%-дан 49 % аралығында, оның ішінде жаратылыстану- математикалық бағыттағы педагогтердің үлесі 30%-дан 39% аралығында, гимназиялар үшін 40%-дан 49 % аралығында, оның ішінде қоғамдық- гуманитарлық бағыттағы педагогтердің үлесі 30%-дан 39% аралығында, дарынды балаларға арналған мамандандырылған білім беру ұйымдары үшін 45%-дан 54% аралығында, оның ішінде аудандық және/немесе облыстық конкурстар мен жарыстар кезеңдерінің жеңімпаздарын және/немесе білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен соңғы бес жылдағы республикалық конкурстар мен жарыстардың қатысушылары мен жеңімпаздарын дайындаған педагогтер (болған жағдайда); <i>Шағын жинақталған білім беру ұйымдары үшін:</i> жалпы білім беретін мектептер 25%-дан 29 % аралығында	3
		<i>Толық жинақталған білім беру ұйымдары үшін:</i> жалпы білім беретін мектептер, мектеп-гимназиялар, мектеп-лицейлер -35%-дан төмен, лицейлер - 40 %-дан төмен, оның ішінде жаратылыстану-математикалық бағыттағы педагогтердің үлесі 30%-дан төмен,	2

		гимназиялар үшін 40 %-дан төмен, оның ішінде қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы педагогтердің үлесі 30%-дан төмен, дарынды балаларға арналған мамандандырылған білім беру ұйымдары үшін 45%-дан төмен, оның ішінде аудандық және/немесе облыстық конкурстар мен жарыстар кезеңдерінің жеңімпаздарын және/немесе білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен соңғы бес жылдағы республикалық конкурстар мен жарыстардың қатысушылары мен жеңімпаздарын дайындаған педагогтер (болған жағдайда); <i>Шағын жинақталған білім беру ұйымдары үшін:</i> жалпы білім беретін мектептер 25 %-дан төмен	
6	Білім беру ұйымдарының Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13272 тіркелген) сәйкес жабдықтармен және жиһазбен жарақтандырылуы	100 %	5
		95 - 99 %	4
		80 - 94 %	3
		80 %-дан төмен	2
7	Ғимараттарда (оқу корпустарында) ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26513 тіркелген) сәйкес жағдай жасалуы (пандус, есіктер мен баспалдақтарды контрастты бояумен бояу)	100 %	5
		95 - 99 %	4
		80 - 94 %	3
		80 %-дан төмен	2
8	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 19 қаңтардағы № 44 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13070 тіркелген), 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрықтарына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20708 тіркелген) сәйкес бастауыш, негізгі орта және жалпы білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендермен, оқу және көркем әдебиеттермен қамтамасыз етілуі	100 %	5
		95 - 99 %	4
		80 - 94 %	3
		80 %-дан төмен	2
9		100 %	5
		95 - 99 %	4
		80 - 94 %	3

	Білім беру ұйымдары топтарының (сыныптарының) толықтырылуының сәйкестігі (топтар/сыныптар бөлінісінде)	80 %-дан төмен	2
10	Оқыту нәтижелері (білім, білік және дағды сапасын бағалау)	Компьютерлік тестілеудің қорытындысы бойынша барлық тестіленетін бағыттар бойынша оң жауаптардың үлесі 85 %-дан 100 %-ға дейін құрайды	5
		Компьютерлік тестілеудің қорытындысы бойынша барлық тестіленетін бағыттар бойынша оң жауаптардың үлесі 65 - 84 %-ға дейін құрайды	4
		Компьютерлік тестілеудің қорытындысы бойынша барлық тестіленетін бағыттар бойынша оң жауаптардың үлесі 40-64 %-ға дейін құрайды	3
		Компьютерлік тестілеудің қорытындысы бойынша барлық тестіленетін бағыттар бойынша оң жауаптардың үлесі 40 %-дан төмен құрайды	2
11	Білімалушылардың сауалнама нәтижелерін талдау	80 % -дан 100%-ға дейінгі респонденттер көрсетілетін білім беру қызметтерінің деңгейіне қанағаттанған	5
		65% -дан 79 % -ға дейінгі респонденттер көрсетілетін білім беру қызметтерінің деңгейіне қанағаттанған	4
		50 % -дан 64 % -ға дейінгі респонденттер көрсетілетін білім беру қызметтерінің деңгейіне қанағаттанған	3
		50 % -дан төмен респонденттер көрсетілетін білім беру қызметтерінің деңгейіне қанағаттанған	2
12	Педагогтердің сауалнама нәтижелерін талдау	80 % -дан 100% -ға дейінгі респонденттер сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу деңгейіне қанағаттанған	5
		65% -дан 79 % -ға дейінгі респонденттер сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу деңгейіне қанағаттанған	4
		50 % -дан 64 % -ға дейінгі респонденттер сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу деңгейіне қанағаттанған	3
		50 %-дан төмен респонденттер сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу деңгейіне қанағаттанған	2
13	Ата-аналардың (занды өкілдер) сауалнама нәтижелерін талдау	80 % -дан 100%-ға дейінгі респонденттер білім алушылардың дайындық деңгейіне қанағаттанған	5
		65% -дан 79 % -ға дейінгі респонденттер білім алушылардың дайындық деңгейіне қанағаттанған	4
		50 % -дан 64 % -ға дейінгі респонденттер білім алушылардың дайындық деңгейіне қанағаттанған	3
		50 %-дан төмен респонденттер білім алушылардың дайындық деңгейіне қанағаттанған	2
14	Олимпиада нәтижелерін талдау	Жалпы білім беретін пәндер олимпиадасы 30%	2

		«Алтын сақа» олимпиадасы	2
		«Айқанат» олимпиадасы	2
		«Мың бала» олимпиадасы	2
		Қ. Бітібаева олимпиадасында	2
15	ҰБТ қорытындысы бойынша оқушылар нәтижесі, грантқа түсу көрсеткіші	ҰБТ нәтижесі 85%	5
		Грантқа түсу көрсеткіші 79%	4

Кадрлық ресурстар

Ішкі мықты жақтары	Ішкі осал жақтары	Қолайлы мүмкіндіктер	Сыртқы қауіптер (тәуекелдер)
Санаты жоғары мұғалімдердің болуы. Мектептен «Үздік педагогтың» шығуы	Кейбір пән мұғалімдерінің жетіспеуі	Тәлімгерліктің жүргізілуі	Техникалық базаның төмендігінен мұғалімдердің басқа мектептерге ауысып кетуі

Материалдық-техникалық ресурстар

Ішкі мықты жақтары	Ішкі осал жақтары	Қолайлы мүмкіндіктер	Сыртқы қауіптер (тәуекелдер)
Интернет жылдамдығының жоғары болуы	Техникалық базаның төмендігі, пәндік кабинеттердің жетіспеуі, акт залдың болмауы, кітапхананың тарлығы	Жаңа ғимарат салуға жұмыстану	Мектептегі оқушылардың азаюы

Ақпараттық ресурстар

Ішкі мықты жақтары	Ішкі осал жақтары	Қолайлы мүмкіндіктер	Сыртқы қауіптер (тәуекелдер)
Барлық сабақтардың mektep.edu қосымшасына салынуы, Bilimland, onlinemektep ресурстарымен сабақтар өткізілуі	Желіге қосылу мүмкіндігінің тұрақты болмауы	Мұғалімдердің «Жаңашыл мұғалім» т.б. байқауларға ұмтылысы	Білім беру платформаларының уақытында қол жетімсіздігі

Білім беру және инновациялық қызмет сапасын арттыруға оқу-әдістемелік шарттар

Ішкі мықты жақтары	Ішкі осал жақтары	Қолайлы мүмкіндіктер	Сыртқы қауіптер (тәуекелдер)
Оқушылардың ғылыми жобаларға көптеп қатысуы; Мұғалімдердің біліктілік санаттарының өсуі	Пәндік олимпиадалардан облыстық жетістіктердің өте аз болуы, республикалық кезеңге қатысқан оқушылардың төмендігі;	Педагог-шебер мұғалімдердің болуы; Дарынды оқушылардың болуы;	Республикалық деңгейде оқушылардың жетістіктерінің аз болуы

Білім беру мазмұнын іске асыру

Ішкі мықты жақтары	Ішкі осал жақтары	Қолайлы мүмкіндіктер	Сыртқы қауіптер (тәуекелдер)
--------------------	-------------------	----------------------	------------------------------

